

Кімге: Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы

Автор: «Ұлытау облысының дін істері басқармасы» ММ діни ахуалды талдау және мониторинг, діни бірлестіктермен өзара ықпалдастық бөлімінің бас маманы Мизамедин Ардақ Мақсұтұлы

Күні: 09.10.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Ұлытау облысындағы діни ахуал: негізгі мәселелер мен оның шешу жолдары.

Кілт сөздер: дін, діни сауаттылық, діни экстремизм, радикализм, діни бірлестіктер.

Кіріспе

Аналитикалық жазба тақырыбының өзектілігі: Ұлытау облысындағы діни ахуал мәселесі қазіргі Қазақстанның рухани және әлеуметтік өмірінде маңызды орын алады. Қазақстан көпұлтты және көпконфессиялық ел болғандықтан, діни тұрақтылықты сақтау мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Ұлытау облысы – тарихи – мәдени маңызы бар аймақ, онда діни әртүрлілік пен дәстүрлер маңызды рөл атқарады. Дегенмен, жахандық тенденциялар мен аймақтық ерекшеліктердің әсерінен діни ахуалда кейбір шиеленістер, діни экстремизмге қарсы тұру қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты діни толеранттылықты арттыру және діни ағартуды күшейту мәселелері ерекше назарда болуы керек.

Мақсаты: Ұлытау облысындағы қазіргі діни ахуалды жан-жақты зерттеу және аймақтағы діни тұрақтылықты нығайту бойынша ұсыныстар жасау. Жазбаның негізгі мақсаты – діни ахуалдың негізгі проблемаларын анықтап, оларды шешу жолдарын талқылау.

Қойылатын міндеттер:

- Ұлытау облысындағы негізгі діни ағымдар мен конфессияларды анықтау;
- Діни экстремизм мен радикализм қаупін бағалау;
- Жастар арасында діни сауаттылық мәселесі мен діни радикализмнің таралу ықпалын қарастыру;
- Діни ахуалды жақсарту бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу.

Негізгі бөлім

1.1 Аймақтың діни құрылымы

Ұлытау облысында 8 конфессиядан тұратын 47 діни бірлестік тіркелген (Анықтама: 30 - исламдық, 3 - православие, 2 - католик, 6 - Евангелиялық христиан-баптист шіркеуі, 2 - Елуінші шіркеуі, 1 - Пресветриан шіркеуі, 2 - Адвентистік шіркеу, 1 - Ехоба куәгерлері). Аймақтың діни құрылымы тарихи түрде әртүрлі болып келді және қазіргі уақытта бұл алуандық сақталып отыр. Соңғы жылдары елімізде оның ішінде облыс аумағында діни экстремизм мен радикализмнің таралу қаупі артып келе жатқандықтан, өңірдегі діни ахуалдың жай-күйін терең талдау өзекті болып табылады. Оған себеп бір ғана Жезқазған өңірінен террористік белсенді аймақтарға (Сирия) 86 отбасы кеткен. Оның ішінде 20-сы әйел.

Ұлытау облысының тұрғындарының басым бөлігі ислам дінін ұстанады. Аймақта сунниттік исламның ханафи мазхабы кең таралған. Ұлытау тарихи тұрғыдан исламның қазақ даласында таралуының маңызды орталығы ретінде қарастырылады. Облыс аумағында қасиетті орындар, соның ішінде облыста орналасқан зираттар мен кесенелер, ислам дінінің тарихи тамырларына куә. Сонымен қатар, Қазақстанның басқа өңірлеріндегідей, православие христиандары, католиктер және басқа да шағын протестанттық христиан шіркеуі өкілдері де өмір сүреді.

Аймақта діни ахуал тұрақты деп сипатталады, алайда соңғы жылдары әлемдік деңгейде болып жатқан діни радикализм мен экстремизм қаупі бұл өңірде де ерекше назар аударуды талап етеді. Әсіресе, сыртқы күштердің ықпалы әсерінен жастар арасында деструктивті діни ағымдар идеологиясының таралу қаупі бар.

1.2. Діни экстремизм және радикализм қаупі

Облыстағы қоғам қауіпсіздігі, құқық қорғау органдарының және дін істері басқармасының мәліметтері бойынша діни экстремизмге қарсы күрес белсенді жүргізіліп келеді. Конституция мен заңдар бойынша барлық діндер тең. Бір де бір дін өзге діндердің алдында артықшылыққа ие емес. Бүгінгі күні діни бірлестіктермен бірге еңсеретін бірқатар сын-қатерлер тұр.

Біріншіден, соңғы жылдары азаматтар діншілдігінің жылдам өсуі діни мәдениеттің дұрыс қалыптасуынан және діни догмаларды сыни қабылдаудан озып кетті. Кейбір діншіл адамдар діни қағидаларды сөзбе-сөз бұлжытпай орындауды заңдар мен зайырлылық қағидаттарынан жоғары орынға қойып отыр. Бұл отбасындағы, сондай-ақ жалпы мемлекеттік күрделі сын-қатерлердің, шиеленістердің шығу көзі.

Екіншіден, біздің діни аудиториямызға сыртқы теріс әсерлер күшейді.

Бұған ақпараттық кеңістіктің ашықтығы және жаһандану процестері ықпал етуде.

Интернет, әлеуметтік желілер және басқа да коммуникациялық құралдар тұрғындар санасына жаппай идеологиялық әсер етуге мүмкіндік береді.

1.3. Жастар арасындағы діни ахуал

Ұлытау облысындағы жастардың көпшілігі дәстүрлі исламға қызығушылық танытса да, кейбірі интернет пен жергілікті деструктивті діни ағым өкілдері әсерінен радикалды ағымдардың ықпалына түсуі мүмкін. Әсіресе, діни сауаты төмен жастар радикалды топтардың идеологиясына бейім келеді. Сондықтан жастар арасында діни сауаттылықты ғылыми негізде арттыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту, оларды радикал идеологиядан қорғау маңызды міндет болып табылады.

1.4. Дін саласындағы мемлекеттік саясат және діни бірлестіктер

Мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынас заңнамалық деңгейде реттелген. Жергілікті дін саласына жауапты мемлекеттік мекеме Ұлытау облысының дін істері басқармасы (*бұдан әрі - Дін істері басқармасы*) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес қызмет атқарады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, әр азаматтың діни сенім бостандығына құқығы бар. Ұлытау облысындағы діни бірлестіктер мемлекеттік заңдар мен ережелерге бағынады, бірақ кейбір діни бірлестіктердің ресми тіркелмей қызмет ету жағдайлары да анықталған, бұл діни ахуалға теріс әсер етуі мүмкін.

1.5. Діни сауаттылық және оның сапасы

Ұлытау облысында діни сауаттылықты арттыруға бағытталған іс-шаралар Дін істері басқармасы арқылы жүзеге асырылады. Дін істері басқармасының арнай жүргізген әлеуметтік зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сәйкес аймақтағы діни сауаттылық деңгейі жақсы деп бағаланған, алайда негізгі мәселе ретінде жалпы халықтың сауаттылық деңгейінің төмен болуы деп көрсеткен. Оған себеп халық арасында сыни ойлау деңгейінің төмен болуы, зайырлылық ұғымын түсінбеуі деп анықтама берген. Сонымен қоса негізгі мәселе ретінде мектептерде діни сауаттылықты арттыруға бағытталған «Жаһандық құзыреттілік» пәнінің негізгі сабақ ретінде оқытылмауы, сәйкесінше мектеп қабырғасында оқитын оқушылардың діни сауаттылығының төмен болуына әкеп соғады. Кесірінен оқушыларда сыни ойлау қалыптаспауы, дінді тарихи, ғылыми

тұрғыдан танып білмеу қауіпі болуы мүмкін. Бұл мәселе діни сауаттылық бойынша білім беру жүйесінде өзгерістер еңгізіп (*арнайы пән*), жақсартуды және бақылауды қажет етеді.

Қорытынды

Ұлытау облысындағы діни ахуал негізінен тұрақты деп бағаланады, бірақ радикализм мен діни экстремизмнің ықтимал қауіпі әлі де сақталуда. Әсіресе, жастар арасында діни сауаттылықты ғылыми тұрғыдан арттыру, әлеуметтік желілер арқылы радикалды идеологияның таралуына қарсы тұру шараларын күшейту қажет.

«ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДІНИ ЖАҒДАЙДЫ ЗЕРТТЕУ» социологиялық зерттеуінің 1-өлшемінің нәтижелері бойынша Ұлытау өңіріндегі діни ахуал халықтың пікірі бойынша айтарлықтай қолайлы (респонденттердің 84,8%), респонденттер басқа діндер мен конфессиялардың өкілдеріне (респонденттердің 93,7%-ы) төзімділіктің жоғары деңгейін көрсетті, бұл сұраққа берілген жауаптар мен талданған зерттеу материалы арқылы дәлелденеді.

1. Респонденттердің көпшілігі деструктивті діни ағымдарды ұстанушыларды ажырата алады деп жауап берді(63,6%), (36,4%) ажырата алмайтындықтарын айтты, фокус-топтардың нәтижелері сыртқы белгілер бойынша деструктивті қозғалыстардың жақтаушыларын анықтау қиын екені анықталды.

2. Діни сипаттағы материалдардың таралуы негізінен әлеуметтік желілерде орын алатыны анықталды, олар мұқият назар аударуға тұрарлық, сауалнамаға қатысқандардың 82,2% - ы діни сипаттағы материалдармен әлеуметтік желілерден кездестіреді.

3. Сауалнамаға қатысқан халықтың үштен бір бөлігі (34,0%) дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары туралы хабардар емес.

Ұсыныстар

1. Діни сауаттылықты арттыру үшін мектептерде міндетті арнайы пән енгізу:

Мектептерде діни сауаттылықты арттыру мақсатында міндетті арнайы пән енгізу — қоғамдағы діни тұрақтылық пен толеранттылықты дамытуға, ұлттық құндылықтарды насихаттауға, сондай-ақ діни экстремизм мен радикализмнің алдын алуға бағытталған маңызды бастама болуы мүмкін. Бұл пән жастарға ұлттық, діни, рухани құндылықтарды дұрыс түсініп, оларды тарихи, мәдениет, этика және адамгершілік тұрғысынан қабылдауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл жастарды радикалды идеологиялардың ықпалынан сақтауға әсер етеді.

Мұндай пәнді енгізу бірнеше маңызды аспектілерді ескере отырып жүзеге асырылуы керек.

Арнайы пәннің мақсаттары мен мазмұны:

1. Төзімділік пен құрметке үйрету: Пәннің басты мақсаты – оқушыларға түрлі діндер мен сенімдерге құрметпен қарауды үйрету. Бұл Қазақстан сияқты көпұлтты және көпконфессиялы ел үшін аса маңызды. Пән діни көзқарастардың әртүрлілігі туралы ақпарат беріп, әр діннің мәдени және этикалық құндылықтарын түсіндіреді.

2. Діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу: Пән арқылы оқушыларға діни экстремизмнің және радикализмнің белгілері мен олардың қоғамға тигізетін зияны туралы ақпарат беріледі. Жастар радикалдық топтардың насихатына қалай қарсы тұруды және дін туралы ақпаратты қабылдау кезінде сыни тұрғыдан ойлауды үйренеді.

3. Ұлттық, рухани құндылықтарды насихаттау: Пән арқылы қазақтың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын және Абай, Шәкәрім, Әл-Фараби, Ыбырай Алтынсарин сынды рухани ұстаздардың діни көзқарастарын талдау. Бұл өз кезегінде ұлттық, дәстүрлі құндылықтарды оқушылар бойына сіңіруге ықпал етеді.

2. Діни экстремизмге қарсы күрес:

Діни экстремизмге қарсы профилактикалық шараларды өңірдің екешелігіне қарай күшейту, жастардың діни қызығушылығына қарай дер кезінде ресми немесе дәстүрлі дін жайында ақпаратты қолжетімді ету және жергілікті дін істері органдарымен тығыз байланысын қамтамасыз ету қажет. Интернетте радикалды контенттің таралуын бақылауды күшейту де маңызды.

Дін саласындағы білікті мамандарды ынталандыру ұсыныстарын беру арқылы арту, ол үшін арнайы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу, оларды қаржылай және материалдық қолдаумен қамтамасыз ету. Мысалы: тұрғын үймен қамтамасыз ету: моноқалаларда немесе шалғай аудандарда жұмыс істейтін мамандарға тұрғын үймен қамтамасыз ету немесе жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар арқылы қолдау көрсету. Бұл әсіресе, жастардың осы салаға қызығушылығын арттырады. Мемлекеттік марапаттар мен сыйлықтар: Дін саласындағы білікті мамандарды республикалық деңгейінде тану арқылы олардың беделін арттыруға болады. Еңбек сіңірген мамандарға арнап мемлекеттік сыйлықтар мен марапаттарды тағайындау.

Зерттеу гранттары: Дін саласында ғылыми зерттеулер жүргізетін мамандарға арнайы гранттар тағайындау. Бұл мамандарды ғылыми және зерттеу қызметіне тартуға мүмкіндік береді.

Ғылыми еңбектерді жариялау мүмкіндіктерін кеңейту: Дінтану, теология, исламтану және басқа да бағыттардағы ғылыми еңбектерді жариялауға қолдау көрсету, арнайы ғылыми журналдар немесе платформалар құру.

Дін саласындағы барлық іс-шараларды мемлекеттің зайырлылық призмасы және Қазақстан Республикасының дін саласындағы заңнамасы, оның ішінде зайырлы және құқықтық сипаттағы дін саласындағы іске асырылатын мемлекеттік саясат арқылы жүргізу;

Экстремистік көріністерге қарсы тұру бойынша жүргізіліп жатқан түсіндіру және профилактикалық жұмыстар туралы халық арасында ақпараттандыру деңгейін арттыру қажет;

3. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңына радикализм немесе радикал тұлға ұғымын енгізіп, анықтама беру.

Радикализм түсінігін заңға енгізу діни экстремизмнің алдын алу, оның құқықтық анықтамасын бекіту және радикалды әрекеттерді заңнамалық деңгейде реттеу мақсатында қажет. Радикализм ұғымы заңға енгізілсе, радикалды діни қозғалыстардың әрекеттеріне және олардың өкілдерінің қызметіне заңды түрде тыйым салуға мүмкіндік туады. Мысалы: Радикализм — діни көзқарастар мен сенімдер негізінде қоғамның негізгі ұлттық, діни құндылықтарына қарсы діни көзқарастарды насихаттайтын, зайырлы мемлекет принциптеріне, заңды тәртіпке қарсы шығатын және сол арқылы қауіп төндіретін кез келген идеология немесе іс-әрекет. Ал радикал тұлға — белгілі бір діни немесе идеологиялық себептермен қоғамның конституциялық құрылысына, зайырлы мемлекет принциптеріне, заңдылыққа, адамның құқықтары мен бостандықтарына қарсы шығатын, ұлттық құндылықтарды жоққа шығаратын, діни сенімі арқылы радикалды көзқарастарды насихаттайтын және сол арқылы қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін кез келген адам.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңға радикализм ұғымын енгізу қоғамдағы діни қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды тетігі бола алады. Бұл мемлекетке діни экстремизмнің алдын алуға, радикалды идеологиялармен күресуге және дәстүрлі емес діни ағымдарды бақылауға мүмкіндік береді. Радикализмнің заңдық анықтамасы құқық қорғау органдары және дін істері басқармаларының іс-

қимылдарын жүйелі түрде жүзеге асыруына жағдай жасап, елдегі діни тұрақтылықты сақтауға септігін тигізеді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Ұлытау облысы дін істері басқармасының ресми сайты. – [Электрондық ресурс]. Сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-din?lang=kk> - 09.10.2024.
2. «Ұлытау облысындағы діни ахуал туралы» социологиялық зерттеудің I өлшем нәтижелері бойынша аналитикалық есебі